Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

10-ТАҚЫРЫП: ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. ЖОО-дағы оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі формалары туралы түсінік
2. Университеттегі дәстүрлі оқыту әдістерінің жіктелуі
3. ЖОО дәрістерінің түрлері
4. Университеттегі дәстүрлі оқыту жүйесінің ерекшеліктері

1. ДӘСТҮРЛІ ФОРМАЛАР

ЖОО-дағы дәстүрлі оқыту формалары

Мектептегідей «сабақ» емес – өзара байланысты академиялық формалар кешені (классикалық дидактикаға негізделген)

Дәріс

жетекші формат: іргелі теория, концепциялар мен заңдылықтар жүйелі баяндалады

Семинар

теорияны тереңдету, талқылау: дискуссия, баяндама, реферат; ғылыми тіл мен шешендік

Практикалық сабақ

теорияны кәсіби міндеттерді шешуге қолдану: есеп, талдау, құжатпен жұмыс

Зертханалық сабақ

жабдықтармен, бағдарламалармен жұмыс: эксперимент, деректер, қорытынды

ОБӨЖ / БӨЖ

оқытушы кеңесімен немесе өз бетімен: жоба, эссе, әдебиетке синтез

Өндірістік және педагогикалық практика

кәсіби ортада (кәсіпорын, мектеп, клиника) тәжірибе жинау

1. ДӘСТҮРЛІ ФОРМАЛАР

Өзіндік жұмыстың кең тараған түрлері

1. ғылыми мақала және монографиямен жұмыс
2. есептер шығару
3. эссе жазу
4. диссертациялық материалдарды синтездеу
5. мазмұндама және бақылау жазу
6. жоба дайындау
7. бағдарлама құрастыру
8. тезис, конспект жазу
9. глоссарий құрастыру
10. портфолио жинақтау



1. ДӘСТҮРЛІ ФОРМАЛАР

Портфолио

1980 жылдар, АҚШ: бағалау тәсілі ретінде

итальян тілінен: «құжаттар салынған папка», «маман папкасы»

Портфолио – студенттің пән бойынша жеке жасаған жұмыстары мен жетістіктерінің жинағы; семестр соңында үйренгені туралы есеп

НЕ КӨРСЕТЕДІ

1. **студенттің оқуға қалай қатысатынын**
2. **оқудың тиімділік деңгейін**
3. **кері байланыс құру тәсілін**

1. ДӘСТҮРЛІ ФОРМАЛАР

Портфолионың қызметтері мен түрлері

ҚЫЗМЕТТЕРІ

Жинақтаушы	Үлгі (модель)	Ой-толғаныс пен шығармашылық
студенттердің жұмыстарының жиынтығы	жеке оқу траекториясы мен өзіндік стратегияны қалыптастыру құралы	әдіс-тәсілдерді ұғынып, қолдану мен өзгерту мүмкіндігі

ТҮРЛЕРІ (СТУДЕНТ ПЕН ОҚЫТУШЫ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ)

Даму портфолиосы: жеке тұлғалық және кәсіби даму

Нәтижелер портфолиосы: жыл бойғы ең елеулі нәтижелер

Дәстүрлі оқыту әдістерінің жіктелуі

ақпаратты беру сипатына қарай үш блок

А. Ақпараттық-теориялық
сөздік

- академиялық дәріс (50 минут)
- түсіндірмелі-иллюстративті әдіс
- кітаппен, ғылыми дереккөздермен жұмыс

Ә. Көрнекілік және демонстрациялық
көрсету

- иллюстрация: кестелер, сызбалар, презентациялар
- демонстрация: процестер мен қондырғылардың жұмысын көрсету

Б. Практикалық және репродуктивті
дағды

- кәсіби жаттығулар: типтік есептер мен кейстер
- модельдеу: математикалық, компьютерлік, физикалық модельдер

ЖОО дәрістерінің түрлері

Кіріспе	**Ақпараттық**	**Проблемалық**	**Шолу**
пәнмен, оның мақсатымен және құрылымымен таныстыру	ғылыми ақпаратты, ережелер мен теорияларды баяндау	мәселе көтеріп, шешу жолын студенттермен бірге іздеу	тарауды немесе курсты қорытындылау, қысқаша шолу
Бинарлы	**Визуалды**	**Қателерімен**	**Дәріс-диалог**
екі оқытушы диалог түрінде жүргізеді	сызба, кесте, слайд, бейнематериал арқылы түсіндіру	оқытушы әдейі қате жібереді, студенттер тауып түзейді	аудиториямен бірге талқылау, сұрақ-жауап арқылы ашу

ЖОО семинар сабақтарының түрлері

МАЗМҰНЫ МЕН КУРС ДЕҢГЕЙІНЕ ҚАРАЙ

Просеминар	Ғылыми семинар	Зерттеу семинары
1-курс: әдебиетпен жұмыс, реферат жазу, өзіндік жұмыстың алғашқы әдістері	дәрістегі білімді тереңдету: баяндамалар мен рефераттарды талқылау	шағын топтарда проблемалық сұрақтар мен зерттеулерді талдау

ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСІНЕ ҚАРАЙ

- **Пікірталас (дискуссия)**
- **Проблемалық семинар**
- **Case-study**
- **Семинар-тренинг / мастер-класс**
- **Вебинар (онлайн)**

көзқарастарды дәлелдеу · мәселенің шешімін табу · кәсіби жағдайды талдау · дағдыны меңгеру · қашықтан өткізу

Дәстүрлі оқыту жүйесінің ерекшеліктері

Артықшылықтары

Академиялық іргелілік: қысқа уақытта ғылыми білім беру

Логикалық жүйелілік: ұғымдардың өзара байланысын айқын көрсету

Экономикалық тиімділік: бір аудиторияда 100–150 студентке дәріс

Кемшіліктері

Студенттің пассивтілігі: «тыңдаушы», «жазып алушы» рөлі сыни ойлауды тежейді

Кері байланыстың әлсіздігі: үлкен залда меңгеруді бақылау қиын

Практикадан алшақтық: soft skills, командалық жұмыс кеш дамиды

Қорытынды

Дәстүрлі әдістер (дәріс, семинар) өзектілігін жоғалтқан жоқ – олар модернизацияланууда

Дәстүрлі дәріс → **Проблемалық дәріс / дәріс-диалог** → **Студенттің өзіндік ізденісі артады**

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!